



**Жылкибаева М.Т.**

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ  
ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТ  
ЕТУІНЕ ШЫҒЫНДАР  
ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕҢІЛДЕТУ**

*В данной статье рассматриваются  
проблемы упрощения методики  
затрат на функционирование и  
развитие государственных вузов РК.*

*This article addresses the problems  
associated with the simplification of  
expenditure methods for operation  
and development of RoK State  
Higher Educational Institution.*

Зерттеулер көрсеткендей, ЖОО-ның басшыларына жедел түрде басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпарат қажет. Ғылыми-білім беру қызметтерінің, жұмыстарының тауарлы сипатын тану, жоғары оқу орындарының «өнімі, қызметі және жұмысының» құндық бағалауын бекітуді қажет етеді. Жоғары оқу орнының өнімі (қызметі, жұмысы) тауар ретінде өзіндік айырықша ерешелікке ие, ол тек осы категориядағы тауарларға ғана тән сипат: тұтынушы мұндай өнімді (жұмыстар және қызметтер) сатып алу арқылы жаңа білімдер алады; жоғары оқу орнының өнімі (жұмыстар және қызметтер) әртүрлі тұтынушыларға кез келген көлемде өткізілуі мүмкін; жоғары оқу орнының өнімін (жұмыстар және қызметтер) сыртқы орамға салып, үйге алып кету мүмкін емес; жоғары оқу орнының өнімінің (жұмыстар және қызметтер), әрқашан әртүрлі жоғары оқу орындары ұсынатын білім беру өніміне (жұмыстар және қызметтер) сәйкес бағасын салыстыру мүмкін емес.

Жоғары оқу орнының өнімінің (жұмыстар және қызметтер) бағасы әр түрлі факторларға тәуелді: семестрдегі сағат саны, бағдарламаның күрделілігі, профессор-оқытушы құрамының біліктілігі, еңбек нарығындағы кез келген мамандыққа қажеттілік және т.б. Бірдей атауға ие жоғары оқу орындарының өніміне баға айырмашылығы аймақтық орналасуына, сұраныс пен ұсынысқа тәуелді, ал ол нәтижесінде баға саясаты бөлігіндегі жоғары оқу орындарының қызметіне әсер етеді.

Бағаны белгілеу барысында жоғары оқу орындарының өнімін (жұмыстар және қызметтер) тұтынушылардың төлем қабілеттілігін, олардың берілген оқу орнында білім алуға даярлығын ескеру қажет, бұл жоғары оқу орындары арасындағы қатан бәсекелестік жағдайында өте маңызды.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының тәжірибесі көрсеткендей, басқарушылық есептің маңызды құраушысы сегментарлы есепке алу тетігі болып табылады. Оны жоғары оқу орнының жеке құрылымдық бөлімшелерінің қызметі туралы ақпараттарды жинау, өңдеу, оларды бірыңғай базада көрсету және жалпылау жүйесі ретінде анықтаса болады. Сегментарлы есептің көрсеткіштері мен мәліметтері басқарудың ішкі ақпараттық қажеттілігіне жауап береді, басқарудың әр түрлі деңгейлеріндегі шығындар мен нәтижелерді бақылауға мүмкіндік береді, сонымен қатар, сегментарлы есеп беруді құрады. Сегментарлы есеп пен есептілік ақпараттарына негізделген басқарушылық бақылау жүйесі, барлық деңгейдегі басшыларға өздерінің басқару қызметтерінің бірі болып табылатын,



қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жеткілікті түрде сауатты ұйымдастырылған басқару есебі жоғары оқу орнының өнімін ұсынуға жұмсалған нақты шығыстарды есептеуге және оларды басқаруға жағдай жасайды.

Жоғары оқу орындарының мемлекеттік бағдарламасы бойынша дайындаудың семестрге, курс бойынша, бір студентке есептегендегі нақты шығындарды анықтау алгоритмі жасалынды. Бұл көрсеткіш шығындарды басқару бөлігіндегі, жоғары оқу орындарының қаржылық саясатын жүзеге асырудағы негізгі экономикалық өндірістік көрсеткіш болып табылады. Біз ұсынған тәсіл ЖОО-ның өнімін ұсынудағы шығындар мен нәтижелер арасындағы байланысты анықтайды, шынайы өлшеуші жүйені жасауға мүмкіндік береді, барлық бөлімшелердің соңғы нәтижелерге қызығушылығын арттырады, ЖОО-ның басшылығына шығындарды басқарудың тиімді тетігін ұсынады. Алгоритм нақты шығындар көрсеткіші шамасын есептеу бойынша негізгі операцияларды қарастырады (сурет 3.1).

Біз жасаған алгоритм бір бірімен жалғасқан бөлу ұстанымына негізделеді, олар: ЖОО-ның ұстау және басқару бойынша шығыстар, кезеңге сәйкес шығыстардың бөлінуі, шығындардың әр түрлі топтары жеке бөлінеді және бөлудің әртүрлі базасына ие. Шығындар мен нәтижелер арасындағы себепті-салдарлы байланыстар негізіндегі әр түрлі факторларды ескере отырып, біз таңдаған әдіс, ЖОО-ның өнімінің (жұмыс, қызмет) шығындарын есепке алу мен есептіліктің тура әдісі болып табылады.


ЖОО-ның бағдарламасы бойынша дайындауға шығындар туралы мәліметтер мен көрсеткіштер шығындар орталықтары бойынша анықталады, соның ішінде, есептеу мақсаты үшін, ЖОО-ның бөлімшелері бөлініп қарастырылады: факультет, факультет деканы, кафедра, әкімшілік-техникалық, ақпараттық-техникалық және әкімшілік-басқару бөлімдері, оқу-қамсыздандыру бөлімдері, ғылыми-зерттеу секторы. Бөлінген орталықтардың шығындарының мазмұны анықталды.

Бір студентке шаққандағы оқытуға жұмсалатын шығындар келесі бөлу базалары бойынша анықталды (шығындар орталықтарының сандық факторлары): шығындар орталығын құрайтын оқу ғимараттарының ауданы; шығындар орталығындағы қызметкерлер саны; пайдаланылатын жеке компьютерлердің саны мен олардың студенттер, факультеттер және курстар бойынша саны.

Студенттерді дайындауға жұмсалатын шығындарды анықтау әдістемесіндегі негізгі шешу жолдарының бірі ретінде қолдағы бар материалдық ресурстарды талдау тәсілі мен олардың құнын, біз жасаған пайдаланылатын бөлімшелердің шығынына енгізуді, қарастырса болады. Бұл тәсіл шығындарды есепке алудың ғылыми негізделген әдістемесін таңдаумен қатар, ЖОО қаржылық және экономикалық тиімді басқаруда маңызды шартқа ие.

Берілген әдістемені жасау барысында бөлімшелердің құрамына талдау өткізіліп, жоғары оқу орнының шығындар орталықтары анықталды, ол кесте 3.1-де көрсетілген.

Бір маманды даярлауға жұмсалатын шығындардың бөліну түрлері негізінде, ЖОО-ның барлық шығыстарын, шығындар орталықтары бойынша бөлу арқылы талдау қажет. Шығындар орталықтарының шығыстары негізінде, мамандықтар бойынша және оқу кезеңіндегі бір маманды дайындауға жұмсалатын шығындары есептеледі. Біз жасаған әдістемеге сәйкес, үстеме шығындардың келесі сандық көрсеткіштерін анықтау қажет: оқу корпустарының аумағы; компьютерлер саны; қызметкерлер саны; оқытушы – профессор құрамының саны (ОПҚ).



Сурет 1 – ЖОО-ның шығындар көрсеткішін анықтаудағы реті.

Ескерту: сурет нормативті құқықтық құжаттар мен әдебиеттер негізінде автормен жасалған

Ақпараттық-техникалық бөлімнің қызметтері келесілер: жобалау; корпоративті бағдарламалық қамсыздандыру (КБК) мен ақпараттық қызметті (АҚ) бірыңғай ақпараттық жүйе тұжырымдамасы мен корпоративті есептеу желісінің тұтынушыларының тапсырысына сәйкес жасау, ендіру және қоса жүргізу; КБК мен АҚ пайдаланумен байланысты нормативті-нұсқаулық құжаттарды дайындау; университеттің веб-сайтын жасау және қоса жүргізу (университет пен оның құрылымдық бөлімшелері туралы ақпараттарды жаңарту және жариялау).



Көрсеткіштердің шығындарға және бөлу мақсаттарына тәуелділігі кесте 1-де көрсетілген.

Кесте 1 – Жанама шығындардың бөлу базалары (Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ мысалында)

Шығындар орталығы– шығындар көзі	Әкімшілік-техникалық бөлім	Әкімшілік-басқару бөлімі	Ғылым мен инновация бөлімі	Ақпараттық-техникалық бөлім
I. Бөлу базасы	Корпустардың жалпы аумағы	ЖОО қызметкерлер саны	ЖОО ОПҚ саны	ЖОО компьютерлер саны
II. Басқа шығындар орталықтарына шығындарды өткізу базасы	Өз қызметінде ШО пайдаланылатын аумақ	ШО қызметкерлер саны	ШО ОПҚ саны	ШО компьютерлер саны

**Ескерту:** Нормативті-құқықтық құжаттар мен әдебиет көздері негізінде кестені автор құрастырған

АТБ шығындары КБҚ орнату мен құралдарды жөндеу, АТБ жұмсалатын ӘТБ үстеме шығындарын (АТБ орналасқан ӘТБ аумағына жұмсалатын шығындардың бір бөлігі) қамтиды.

Әкімшілік бөлім (ӘБ) келесілерді қамтиды: ректорат, қаржылық қызмет бөлімдері (баухалтерлік есепті басқару, экономика мен жоспарлауды басқару), маркетинг бойынша басқару, қызметкерлерді басқару, кеңсе бөлімі, заң бөлімі.

ӘБ шығындары әкімшілік-басқару қызметкерлеріне жұмсалатын шығындарды қамтиды. Сонымен қатар, әкімшілік бөлім шығындары, әкімшілік бөлім орналасқан аумаққа пропорционалды, Әкімшілік техникалық бөлімнің үстеме шығындары мен әкімшілік бөлім қарамағында пайдаланылатын компьютерлер санына пропорционалды, ақпараттық техникалық бөлімнің үстеме шығындарын қамтиды.

ӘБ шығындары әкімшілік-басқару қызметкерлеріне жұмсалатын шығындарды қамтиды. Сонымен қатар, әкімшілік бөлім шығындары, әкімшілік бөлім орналасқан аумаққа пропорционалды, әкімшілік техникалық бөлімнің үстеме шығындары мен әкімшілік бөлім қарамағында пайдаланылатын компьютерлер санына пропорционалды, ақпараттық техникалық бөлімнің үстеме шығындарын қамтиды.

Ғылым мен инновация бөлімдері республикалық және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша ҚР бюджетінен, министрліктер мен ведомствалардың мақсатты қаражаттарынан, кәсіпорындар мен ұйымдармен жасалған келісім шарт негізінде қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының жобасын жасайды, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік–конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындайды, қазіргі ғылыми техникалық деңгейде ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындауды ұйым-дастырады, орындалған жұмыстардың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жоғары кәсіби білім беру мамандарын дайындауға шығындарды анықтау мақсатында, ғылым бөлімінің келесілермен байланысты шығындары ескеріледі: халықаралық стандарттар деңгейіндегі оқу-ғылыми-өндірістік кешені ретіндегі университеттің тиімді қызмет етуінің тиімділігін арттыру мәселелерін шешу жолдарын жасау; аймақта кәсіби білім беру жүйесінің қызмет етуі мен дамуының мәселелерін шешу жолдарын жасау; маңызды білім беру, әлеуметтік экономикалық және экономикалық шарттарды жүзеге асыру үшін жаңа білім беру әдістемесін, технологиясы мен оқу әдістемелік материалдар үлгілерін құру мақсатында, ғылыми зерттеу жұмыстарын орындау; студенттерді оқытуды, оқытушылардың еңбегі мен жоғары оқу орнын басқаруды ұйымдастыруды жетілдіру; зерттеулер нәтижелері мен әдістемесін оқу үрдісіне ендіруді ұйымдастыру; мамандар мен ғылыми педагогикалық кадрларды дайындау сапасын арттыруға, оқытушы-профессор



құрамының біліктілігінің өсуіне ықпал ету; ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үрдісіне ендіруді ұйымдастыру.

Жалпы студенттік шығындар оқу-қамсыздандыру бөлімшелерін ұстауға жұмсалатын шығындарды қамтиды, олар: оқуды басқару, төлемді негізде оқыту бойынша келісім шарттарды жүргізу бөлімі, кітапхана, баспахана, баспа, оқудан тыс жұмыстар бөлімі, халықаралық бөлім; кітапханалық қорды толықтыруға жұмсалатын шығындар; жалпы пайдаланылатын аумақтарды (коридорлар, холлдар, дәретханалар, асхана) ұстау бойынша шығындар; факультет декандарына жұмсалатын шығындар.

Оқу қамсыздандыру қызметтері келесілерді қамтиды: әрбір кешенге бекітілген оқу әдістемелік кешендер мен пәндерді жасау; жұмыстың құны мен еңбек шығындарының жүктемесін есептеу үшін оқытушы – профессорлар құрамының еңбек ақысы мен уақытын нормалау; оқу бөлімшелерінің жоспарларды орындауын талдау; университеттің кітапханасын жинақатушы бөлім арқылы тапсырыс беру үшін және дүкендер үшін оқу әдебиеттерінің тізімін құру; жоғары мектеп педагогикасы, оқыту технологиясы мен әдістемесі, оқыту үрдісін ұйымдастыру әдістемесі мен ұстанымдары саласындағы оқыту жүйесіне көмек беруші қызметкерлер мен оқу бөлімшелерінің жетекшілерінің, оқытушы – профессор құрамының біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлау; студенттермен оқудан тыс жұмыстар.

Нақты бөлімшелер орналаспаған, жалпы пайдаланылатын аумақтарды (дәліздер, асханалар, дәретханалар) ұстау шығындары бір студенттің оқу төлемақысының құнына енгізіледі.

Әдістеменің арнайы бөлімі студенттердің бірнеше топтарының бір дәрісхананы бірігіп пайдалануын ескеру арқылы шығындарды бөлуге мүмкіндік береді. Есептеу негізі ретінде апталық сабақ кестесі алынады.

Кафедраның шығыстары мен сабақ кестесі бойынша кафедра сағаттары негізінде оқу үрдісін жүргізуші кафедраның оқу сағатының құны анықталады.

Мамандықтың құны мен курстағы студенттер санына байланысты бір студентке шаққандағы семестрдегі курс бойынша мамандықтың құны есептеледі.

Қазақстандық жоғары оқу орындарында, соның ішінде Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ жоғары оқу орнының қызмет бағыттары бойынша шығындарды жалпылауға мүмкіндік беретін сметалардың тәжірибелік бөліну түрлері жасалды. Мұндай бөліну түрлері жоғары кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша шығындарды анықтауға мүмкіндік береді.

Бюджет шығыстарының экономикалық бөліну түрлерінің баптары бойынша мәліметтерді ұсыну, әртүрлі басқару шешімдерін қабылдауды қамсыздандыру мақсатындағы қаражаттың мақсатты бағыттарын талдауға мүмкіндік береді. Баптар бойынша шығыстардың бағыттары ЖОО-ның даму саясатының ұстанымдары мен нақты бөлімшелердің тапсырыстары негізінде жасалған қаржылық жоспарға сәйкес анықталады.

Жоғары кәсіби білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды дайындаудың жалпы шығындарын талдау, әдістемеді анықталған шығындар орталықтары бойынша шығындарды талдаумен толықтырылады.

Орталықтар бойынша шығындарды топтастыру шын мәнісінде калькуляцияның құрамдас бөлігін көрсетеді. Шығындар орталықтарын ерекшелеу, шығындарды бақылаудың қосымша нүктелерін анықтап, калькуляциялау объектілері бойынша жанама шығындардың тура бөлінуін қамтамасыз етеді.

Шығындарды талдауды ұйымдастыру барысында келесі шарттар шешіледі: шығындардың нақты деңгейі жоспарлы көрсеткіштермен салыстырылады; шығындардың нақты деңгейін алдыңғы кезеңдегі шығындармен салыстыру (динамикада); жауапкершілік орталықтары мен баптары бойынша шығындардың өзгеру себептері мен көлемін анықтау; шығындарды өсіруге немесе қысқартуға ықпал ететін факторларды бекіту; шығындарды азайту резервтері ашылады.

Нақты шығындардың жоспардан ауытқуын талдау, ауытқулар бойынша басқару ұстанымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.



Кезең бойынша өсуді динамикада, жалпыуниверситеттік жауапкершілік орталықтарының шығындарын, басқа шығындар орталықтарына бөлінген сандық параметрге сәйкес келетін, олардың шығындардағы үлесі бойынша қарастырған дұрыс.

Біз жеке элементтерінің өзара тәуелділігі мен бағыныштылығын ескеретін шығындарды талдау тетігін жасадық. Бұл тетік бөлшектеудің сәйкесінше деңгейіндегі шығындардың талданатын элементтерінің белгілі ретпен біртіндеп ашылуын қарастырады.

Білім беру қызметтерінің құны туралы ақпарат жоғары оқу орнының шығындарын басқару саласындағы басқару шешімдерін қабылдау үшін анықтаушы болып табылады, Қазіргі уақытта мұндай ақпарат өте маңызды, себебі, білім беру қызметі саласындағы бәсекелестік орта өзінің интенсивтілігі мен барлық күштердің өзара әсері салдарынан едәуір күрделенді.

#### Әдебиеттер:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании», 2007.
2. Нарibaев К. Научные и нормативно – правовые основы реформы высшего образования // Білім – Образование № 2008, № 1 С. 8-20.
3. Послание Президента народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию». - Астана, март, 2009.